

Полиэтилентерефталат қалдықтарын әкетуді реттеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 27 мамырдағы № 289 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 маусымда № 28323 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 2-тармағына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа 7-қосымшаның 10-бөліміне сәйкес БҰЙЫРДАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының аумағынан сыйымдылығы 2 л-ден аспайтын өзге де бөтелкелерді, бөтелкелерді, сауыттар және ұқсас бұйымдарды (Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды 3923 30 10 90 (бұдан әрі - ЕАӘО СЭК ТН коды); сыйымдылығы 2 л-ден асатын өзге де бөтелкелерді, бөтелкелерді, сауыттар және ұқсас бұйымдарды (ЕАӘО СЭК ТН коды 3923 30 90 90); пропилен пластмассаларынан жасалған қалдықтарды, кесінділерді және сиңиқтарды (ЕАӘО СЭК ТН коды 3915 90 11 00) алты ай мерзімге әкетуге тығым салу енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустріялық даму комитеті:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне осы бұйрықтың 1-тармағын орындау бойынша бақылауды қамтамасыз ету туралы;

2) Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне:

осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген тығым салудың енгізілгені туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны ақпараттандыру;

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтік аумағында осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген шараның енгізілуі туралы ұсынысты Еуразиялық экономикалық комиссияның қарауына енгізу қажеттілігі туралы хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустріялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы*

M. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"
*Қазақстан Республикасының
Каржы министрлігі*
"КЕЛІСІЛДІ"
*Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі*
"КЕЛІСІЛДІ"
*Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті*
"КЕЛІСІЛДІ"
*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК